

Пед кеңесте каралды:
№ 1 хаттама
Бұйрық № н/к
«13» 08 2019 жыл



**«№4 Хромтау орта мектебі» КММ-нің 2019 – 2020 оқу жылына
арналған тәрбие жұмысының жоспары**

2018-2019 оқу жылындағы №4 ХОМ тәрбие жұмысының ақпараты есебі

Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі - ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан қазіргі таңда мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай мәселелер біздің мектебімізде төмендегідей жолдармен шешімін табуда.

Мақсаты: Ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым, танымдық және шығармашылық әрекетке білімді органы дайындау арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі танытуын ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Тәрбиелеу және дамытушылық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- Құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту;
- Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілеттерінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау.

Бнылығы оқу жылында 9 бағыт бойынша жұмыс жоспарланды.

1. «Мәңгілік ел» патриоттық және азаматтық және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
2. Рухани – адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.)
3. Зияткерлік тәрбие, қоршаған органы позитивті түсіну;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Дене тәрбиесі, салауатты өмір;
6. Ұлттық тәрбие;
7. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
8. Көпмәдениет, көркем және эстетикалық тәрбие

Мектебіміздің жаңа оқу жылы басталмастан бұрын «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламасының «өлкетану» базалық жобасы аясында мектебіміздің 5-8- класс оқушыларымен биология пәнінің мұғалімі Тлеубасва Г.А. және медбике Кайепова Г.Е. жетекшілігімен тарихи танымдық саяхаттауға Түркістан өлкесіне барып келді. Одан соң, жаңа оқу жылының басталуын білдіретін ерекше күн ол — «Білім күні». Мектебімізде осы күні барша қонақтарға, оқушылар мен ата – аналар, ұстаздарға есігін айқара ашты. Мектепте Білім күніне арналған «Білім күні» тақырыбында салтанатты сап түзеу өтті. Салтанатты сап түзеуде мектеп директорының у.м.а.: Муканова А.Ж. оқушыларға, ұстаздарға жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Мектеп қонақтары қала әкімі Жаксылықов А.Ж. және аудандық білім бөлімінің әдіскері Ешкеева А.Т. мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерге, мектеп оқушыларына жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Сап түзеуде бірінші сынып оқушылары өлең оқып, би биледі. Мектеп түлектері мектеп табалдырығын жаңа аттаған бірінші сынып оқушыларына өз тілектерін өлең шумақтары арқылы жеткізді. Алғашқы қоңырауды соғу рәсімі он бірінші сынып оқушысы Аянберген Нурислам, Луговая Мария және бірінші сынып оқушысы Нұржігітова Дарияға берілді. Басқа да еліміздің мектептеріндегідей осы тақырыпта сынып сағаттары да

ұйымдастырылды. Әр сынып жетекші бірінші сабақтарына жақсы дайындалып, бастауыш сынып оқушыларына «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мақсаты!» атты сынып сағаттарын өткізді.

Еліміздің ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы негізгі ұғымдардың бірі денсаулық, білім және халықтың әл-ауқаты болып отырғандықтан, еліміздің барлық жерінде жыл сайын қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі» өткізілді. Біздің мектебімізде де «Денсаулық фестивалі» барлық оқушылардың, ұстаздардың және ата-аналардың қатысуымен спорттық іс – шаралар ұйымдастырылды. Мереке ҚР – ның Әнұранымен басталып, оқушылардың би билеуімен салтанатты түрде ашылды. Бұл күндері барлық қатысушылар спорттық киім киіп, түрлі жарыстар, ойындарға белсене қатысты. Сонымен қатар отбасылық жарыстар ұйымдастырылып, аға-аналар және оқушылар белсене қатысып, жігерліктерін көрсете білді. Әділқазылар алқасы жеңімпаздарды марапаттады.

Қыркүйек айының 6- жұлдызында «Әлемге күлкі сыйлайық!» аталығы ұйымдастырылды. Аппалық барысында таңертеңнен оқушыларды музыкалық шоумен қарсы алып, көтеріңкі көңіл – күйді білдіретін смайликтер таратылып, оқушылар өздерінің тілектерін жазып қалдырды.

Қыркүйек айының 12- 22 аралығында ҚР тілдер фестивалі өтті. Тілдер күніне арналған онкүндік жоспары құрылып, барлық іс шаралар осы жоспар бойынша өткізілді. Оқушылардың тілді құрметтеуге, өз ұлтымыздың, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында түрлі сайыстар, байқаулар ұйымдастырды. 19 - қыркүйек күні тілдер күніне арналған «Үштұғырлы тіл» атты мерекелік іс – шара өтті. Бұл шара үш тілде өтті. Шараға аудандық білім бөлімінің басшысы Қосымбаева М.О. және ауданымыздың ардагер ұстаздары қонақ ретінде шақырылды. Тіл мамандары өз сөздерінде Елбасымыздың: «Үштұғырлы тіл – бәсекеге қабілетті ұлт тірегінің кепілі» - деген сөзін арқау етіп, үш тілдің де, қазіргі алатын орнын тағы бір дәлелдеп берді. Ал, оқушылар өз өнерлерін билерін, әндерін, өлең жолдарын оқыды, өз шығармашылықтарын көрсете білді. Содан соң, мектебімізде 6 сынып оқушылары арасында «Жүзі басқа – жүрегі бір, тілі басқа – тірегі бір» тақырыбында интеллектуалды-танымдық сайысы өткізілді.

Сайысқа 6 «а», 6 «ә», 6 «б», 6 «в» сынып оқушыларынан құралған 4 топ қатысты.

Интеллектуалды-танымдық сайыс мынадай шарттар бойынша өткізілді:

1. «Таныстыру»
2. «Бәйге»
3. «Жеті жұрттың тілін біл»
4. «Өнерлі өрге жүзер»
5. «Капитандар сайысы»
6. «Білімпаз»

Барлық қатысушы топтар жоғары дәрежеде дайындалған. Таныстыру кезеңінде барлық топтар өздерін 3 тілде таныстырып әділқазы алқаларын тәңгі қылды. Берілген тапсырмаларға, сұрақтарға шапшаңдықпен жауап беріп, жақсы нәтиже көрсете білді.

Интеллектуалды-танымдық сайыстың қорытындысы бойынша 1-орынды 6 «а» сынып оқушылары иеленсе, 2-орынды 6 «б» сыныбы, 3-орынды 6 «ә», 6 «в» сыныптары табан тіреді.

Мектебімізде 3 класс оқушылары арасында «Мемлекеттік рәміздердің білгірі» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Интеллектуалдық сайысқа 3 «А» және 3 «Б» класс оқушылары қатысты. Олар:

1. «Қыран» тобы 3 «Б» сынып оқушылары

2. «Тұлпар» тобы 3 «А» сынып оқушылары
Интеллектуалдық сайыс келесі кезеңдер бойынша өткізілді:

1. «Таныстыру»
2. «Кім тапқар?»
3. «Ойлан тап»
4. «Мақал сөздің мәйегі»
5. «Менің қиялымдағы рәмізі»

Оқушылар сайысқа белсене қатысып, барлық сұрақтарға шапшаңдықпен жауап бере білді. Сайыстың қорытындысы бойынша 3 «А» сынып оқушыларынан құралған «Тұлпар» тобы жеңіске жетіп, мадақтама қағазымен марапатталды.

Үйіғарым: бұл бағыт бойынша барлық класс түгел қатысқан жоқ. Яғни, 100 пайыз емес.

Рухани – адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.)

1 — қазан Халықаралық қарттар күніне орайластырылған іс шаралар ұйымдастырылды.

Мақсагы: Оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз аға-бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт - дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше. Олай болса, әр халықтың бойында ықпалым заманнан бері қалыптасып, оны өткелдерден даралап тұратын тек өзіне ғана тән қасиеттері болады.

Міне, осындай теңеулерге лайықты қарияларды жылына бір рет келетін 1- қазан қарттар күнімен құттықтай отырып, Мектебіміздің «Қоғамға қызмет ету» жобасы бойынша мектебіміздің оқушылары қарттарымызды қадірлеуді ұмытпады. 1 «б» класс оқушылары, класс жетекшісі Дүйсенғалиева А.К. қарттарды шақырып, шағын концерттік бағдарлама қойып, құттықтады. 5 «А» класс оқушылары және класс жетекшісі Мамбетжанова А.З. еңбек ардагері Кортанов Рахметолла атамен Кортанова Тұрған әженің үйіне барды. 5 «ә» класс жетекшісі Рахимберліна Г.Б. мен 4 «ә» класс оқушылары да шағын сыйлықтарын апарып қарттарды құттықтап қайтты. 8 «ә» класс оқушыларымен класс жетекшісі Қонақбаева И.Қ., 9 «ә» класс оқушылары мен класс жетекшісі Шангереева Д.Ш. қала қарттарына көмек ретінде азық – түлік апарып, қарттарымызды бір қуантып қайтты.

Қарттар күніне қоса, ұстаздар күнінің қарсаңында 9 «в» класс оқушылары мен класс жетекшісі Иванцова О.И. педагогикалық еңбек ардагері Андрияш Лидия Петровна шағын сыйлықтарын апарып, құттықтап қайтты.

№4 ХОМ 2018-2019 оқу жылы қазан айының бірінші аптасынан «Ұстазға — тағзым» атты іс – шара педагог ұйымдастырушы Айтимова А.Ж. және аға тәлімгер Асылқазықызы С. және мектеп парламенттері ұйымдастыруымен өткізілді.

1-3.10 күні «Ұстаз ұлы тұлға» атты 2-4 кластар арасында шығарма жазудан конкурс ұйымдастырылды. Оқушылар мақтан тұтатын ұстаздары туралы өз шығармаларында жазды. Ұстазды қалай құрметтеу, ұстаздың әр сөзі бір дана сөз екенін оқушылар шығармаларында баяндалды. Бұл жарыстан 2 «а» класс оқушысы Өмірхан Дана 1 – орын, 4 «ә» класс оқушысы 2- орын, 3 «б» класс оқушысы Байгелдина Замзам 3-орынды иеленді.

1-3.10. күні — «Ұстазым менің- ұстазым!» тақырыбында 1-11 кластар ұстаздар қауымына арнап қабырға газеттерін шығарды.

05.10 күні оқушылар мерекені флешмоб биімен бастап, мектепте «Мен – мұғалім рөлінде!» атты 10-11 кластар өзін – өзі басқару ұйымдастырды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік концертті өтті. Мерекелік іс-шаралар оқушылардың ұстаздарға арналған биімен басталып, мектеп директоры Жұртқанов Б.М. ұстаздарға өз құттықтау лебізін білдіріп, одан соң сөз кезегі мектептің кәсіподақ ұйымының мүшесі Жаскужинова К.Ж. және Иванцова О.И. ұлағатты ұстаздарды марапаттады. Мереке әсем әнмен тербеліп, тәтті күйге бөленіп, бишілеріміздің мың бұралған биін, ұстаздар туралы әзіл қойылымдарын тамашалап, ұстаздарымыз төңіректерінің жақсы көңіл – күймен өткізді.

05. 10. күні Ардагер мұғалімдерді құттықтап, оларға шағын сый- құрмет көрсетіліп, «Өмір бойы мұғаліммен біргеміз» атты ардагер ұстаздарға арналған шағын мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Білім күні басталысымен ақ, әне-міне дегенше «Алтын күз» мерекесі келіп жетті. «Алтын күз» мерекесіне орайластырылып, «Күз ханшайымы, күз ханзадасы» атты байқау өткізілді. «Талапты бала талпынған құстай, құмары қанбас биікке ұшпай» - демекші, оқушылар жиналған қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, өнерлерімен тамсандырды. Байқау таныстыру, өнер, танымдық сайысы тәрізді номинациялары бойынша өткізілді. Таныстыру кезеңінде үміткерлер мәнгерлеп оқу шеберлігін көрсете білді. Бірі сахналандырылған көрініс көрсетсе, бірі авторлық шығармаларын орындады. Жастарға ерекше ұнағаны – өнер сайысы. Бұл кезеңде үміткерлеріміз бойларындағы бақыткерлерін көрермендер назарына ұсынды. Танымдық сайысында табиғатқа, қоршаған ортаға байланысты сұрақтар қойылып, үміткерлерді білім деңгейіне баға берілді. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені 9 «в» класс оқушысы Кендаулетов Диас пен 8 «в» класс оқушысы Улымагамбетова Сабина жеңіп алды. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сайыскерлердің барлығына мақтау қағаздарымен сыйлықтар табысталды. «Күз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы көптің көңілінен шығып, жоғары деңгейде өтті.

Мұндай іс-шаралар жастарымыздың бойында патриоттық сезімдерді де қалыптастырағыны сөзсіз. Кейін, 2-4 сынып оқушылары арасында «Алтын күз, әсем айналам, еліне береке сыйлаған» тақырыбында эстафеталық сайыс өткізілді.

Сайыста 2-4 сынып оқушылары бірігіп, 3 команда құрады. Команда мүшелері ойласып, аз атауларын таңдады. Олар:

1-топ: «Болашақ» тобы

2-топ: «Қыран» тобы

3-топ: «Жүйріктер» тобы

Сайыс келесі кезеңдер бойынша өткізілді:

1-кезең: «Таныстыру»

2-кезең: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ»

3-кезең: «Көңілді шеңбер»

4-кезең: «Бақташының өнімі»

5-кезең: «Бақшадағы қуыршақтың суретін салу»

6-кезең: «Қолшатыр»

Барлық топтар сайысқа белсене араласты. Эстафеталық сайыс жоғары деңгейде өтті.

Бастауыш сыныптар арасында күз мезгілінің тіршілікке берер пайдасын түсіндіру, күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету, еңбекті, табиғат сұлулығын сезе білу мақсатында «Күз кереметі» көрмесі өтті.

5

«Күз кереметі» атты көрмеге барлық сыныптың оқушылары өздерінің қолдарынан келгенше шеберліктерін көрсетіп, мол сый тарту етті.

Көрменің қызықты да, сәнді өтуіне себеп болған оқушылардың жасаған ертегі кейіпкерлері мен әр түрлі заттардың мүсіндері көздің жауын алардай тартымды болды.

Бастауыш сынып оқушылары арасында өткізілген көрме бұйымдары мектеп базасының бірінші қабатына қойылды, оқушылар жасаған бұйымдар келгендерді үлкен әсерге бөледі.

Көрмеге қатысқан барлық оқушыларға сыйлықтар таратылып, 1,2,3 – орындарды иеленген оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Көрменің қорытындысы бойынша 3- орынды 2 «ә» сынып оқушысы Елеусіз Әлия, 2-орынды 2 «б» сынып оқушысы Самағ Румиса, 1-орынды 3 «д» сынып оқушысы Ақылбек Айлан иеленді.

«Алтын күз» атты Республикалық шығармашылық және өнер байқауына қатысып Хафуғали Сұлтан 1- жүлделі орынды иеленіп, класс жетекшісі Рахимберлина Г.Б. алғыс хатпен марапатталды.

«Жас ұлан» ұйымы «Қарияға көмек – азаматтық парыз» акциясы аясында «Жас Ұлан» мүшелері мен жетекшісі қарияларға индурашылық көмек көрсетті.

Әр сыныпта «Қазыналы қарттарым» айдарымен сынып сағаттар шеруі өтті.

Қазақ елі - дүниежүзіндегі бейбітшілікті, татулықты, тұрақтылықты қастерлейтін бірден – бір мемлекет, сондықтан да тәуелсіздік алған елден бастап бейбітшілікті ту етіп, әлемнің түкпір – түкпірімен саяси, мәдени, рухани достық қарым – қатынас орнатты. Осы орайда №4 Хромтау орта мектебінде 9-14 қазан аралығында 5-11 кластар арасында «Миру - Да! Терроризму — НЕТ!» атты мектепшілік қабырға газеттерінің жарысы өткізілді. Оған: 5 «а», 5 «г», 5 «в», 6 «б», 7 «ә», 7 «а», 9 «а», 9 «в», 11 «а», 11 «ә» кластары белсенді түрде қатысты. Жарыстың қорытындысына келер болсақ I орынды - 9 «а», II орынды - 11 «ә», ал, III орынды — 8 «в» класы иеленді.

Мектебімізде 3 класс оқушылары арасында «Мемлекеттік рәміздердің білгірі» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Интеллектуалдық сайысқа 3 «А» және 3 «Б» класс оқушылары қатысты. Олар:

1. «Қыран» тобы 3 «Б» сынып оқушылары
2. «Тұлпар» тобы 3 «А» сынып оқушылары

Интеллектуалдық сайыс келесі кезеңдер бойынша өткізілді:

1. «Таныстыру»
2. «Кім тапқар?»
3. «Ойлан тап»
4. «Мақал сөздің мәйегі»
5. «Менің қиялымдағы рәміз»

Оқушылар сайысқа белсене қатысып, барлық сұрақтарға тапшанлықпен жауап бере білді. Сайыстың қорытындысы бойынша 3 «А» сынып оқушыларынан құралған «Тұлпар» тобы жеңіске жетіп, мадақтама қағазымен марапатталды.

Қазан айында 1-5 кластар арасында «Менің ата – анамның мамандығы» сурет сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: Оқушылардың ата-аналарының мамандығына деген қызығушылықтарын арттыру; оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа

байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылығын арттыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбекке үйгіштікке тәрбиелеу.

Мектебіміздің 1-5 класс арасында «Менің ата – анамның мамандығы» атты сурет байқауы өтті. Байқауға 1-4 кластар арасынан 8 класс белсене ат салысып, 1 «е» класы 12 сурет, 1 «а» класы- 10 сурет, 2 «д» класы- 2 сурет, 3 «а» класы -4 сурет, 3 «б» класы- 1 сурет, 4 «б» класы- 1 сурет, 4 «г» класы 1 сурет тапсырды. 8 кластың арасынан ерекшеленген суреттер арасында 1-орынды иеленген 3 «А» класс оқушысы Қарімбаева Аяулым, 2- орынды 5 «Б» класс оқушысы Мураталиев Мерей, 4 «Г» класс Смирнова Екатерина, 3- орынды 1 «Е» класс Қуанышбай Аяғоз, 3 «б» класс Асқаров А, 3 «А» Жайылханова Айда марапатталды.

Отбасылық тәрбие.

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Отбасылық тәрбиенің міндетін атқару негізінде 5- 11 кыркүйек аралығында «Отбасы» күні жоспарланып, «Отбасы бақыт мекені» республикалық апталығы өтті. Апталықтың мақсаты мен міндеті:

1. Оқушыларды өнерге баулуға ынтымақтаса жүргізілген жұмыстың нәтижелі болатындығына көз жеткізу. Оқушылардың өнерге деген қызығушылығын дамыту;
2. Эстетикалық сезімін дамыту;

«Отбасы – бақыт мекені» республикалық апталық аясында 5-9 класс арасында «Отбасым — мақтанышым!» бейнеролигі оқушылар және мұғалімдер арасында ұйымдастырылып, оқушылар арасында 5«б» класс оқушысы және мұғалімдерден 8«А» класс жетекшісі Қонақбаева Н Қ байқаудың жеңімпаздары атанды.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан жақты жетілген, бойында имандылық сана - сезім қалыптасқан, мәдениетті, дені сау ұрпақ өсіру отбасының, балабақшаның міндеті екені баршамызға мәлім. Болашақта халқына қалаулы, еліне елеулі, ата – ананың мақтанышы, білімді, өнерлі ұрпақ өсіру жолында біздің мектеп ұжымы да аянбай жұмыс жасап келеді. 1-4 класс аралығында өткен сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің негізгі тақырыптары: «Мен және менің отбасым!», «Отбасы – бақыт мекені», «Бақытты отбасы қандай болу керек?», «Отбасы мамандығының ағашы».

Көрменің аталған тақырыптары бойынша 1-2 класс, 3-4 класс оқушылары отбасы суреттерін салып тапсырды. Көрмеге оқушылар аса қызығушылықпен ат салысты. Оқушылардың отбасына деген махаббаттарын сурет арқылы жеткізгендей.

Сурет көрмесінің нәтижесінде оқушылардың еңбектері марапатталды. Атап айта кететін болсақ, 1-2 класс арасында 1- орынды 2 «А» класс оқушысы Өнербек Дана, 2- орынды Казаков Кирилл, 3-орынды Кошелев Лев иеленді. Ал, 3-4 класс оқушылары арасында марапатқа ие болғандар: 1- орынды Серегина Мария, 2- орынды Григорьева Серафим, 3-орынды Ступина Софья марапатталды. Сурет көрмесін тамашалауға келген оқушылар да өз қызығушылықтарын танытты.

Отбасы күніне арналған класс сағаттары және отбасылық «Толағай» спорттық эстафетасы, жалпымектептік жиын «Отан – отбасынан басталады!» өткізілді.

Кәсіптік бағдар беру барысында 9 «Ә» класс оқушылары және класс жетекшісі Шангереева Д.Ш. АКНИГ, Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжіне барып танысып келді.

7

Рухани – адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.) бағыты бойынша мектебіміздің 70-80 пайызы қатысты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Осындай мақсатпен қыркүйек айында «Денсаулық күніне» орайластырылған, мектебіміздің шағын футбол алаңында 9-шы сынып оқушылары арасында футбол қызығушылықтарын көрсетіп, нәтижелі ойын көрсетті. Одан соң 8-11 кластар арасында «Алтын күз» мерекесіне арналған кросс өткізілді. Бастауыш сынып мұғалімдері «Голағай», I «г» сынып класс жетекшісі Қанабаева Г.К. «Веселый старт» сыныптан тыс спорттық жарыстарын ұйымдастырды.

Аудандық мектеп оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» волейбол жарысы өткізіліп, біздің мектеп I орынды иеленіп, 13.11.12 облысқа жолдама алды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, ұлттық тәрбиемізді ұлықтау мақсатында бастауыш сынып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Елеусізова Д., Досым Г. «Гапқыр Тазша бала» атты көрініс-сабак 4-орыс сыныптары арасында өткізді. Оңге ұлт оқушыларына өтірік өлеңін жатқа айтып, қазақ ертегісіне деген қызығушылықтары артты. Сыныптан тыс тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Ұлттық тәрбие бағытының жұмыстарына 4-сыныптар ат салысты.

Мектебімізде тәуелсіздік күніне орайластырылған «Ұлы дала елі- Тәуелсіздік жемісі» атты бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдауға арналған салтанатты жиын болды.

Жиынның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2-кластардың озат оқушылары мен оқу екіпінділері қабылданды. 2-кластардың класс белсенділері «Жас Ұланның» атын қабылдап, әнұранын айтты. Содан соң, оқушыларға төсбелгі мен галстук тағылды.

Тәуелсіздік күніне ұйымдастырылған жоспарға сәйкес мектебімізде «Ұлы дала елі-Тәуелсіздіктің жемісі» атты концерттік бағдарламасы өтті. Концерттік іс-шараның аясында мектепте «Минуты славы» яғни, «әр бала – бір жүлде, жарқырауына жәрдем ет!» атты үлдіктерді марапаттау іс-шарасы өтті. Мақсаты: Мектебіміздің дарынды балаларын марапаттау. Іс-шара мемлекеттік гимнмен басталды. Содан соң, Мектеп директоры Жұртқанов Б.М. барша көрерменді тәуелсіздік күнімен құттықтап, алдағы уақытта шығармашылық табыс тіледі. Мектебіміздің дарынды оқушыларын марапаттау сөз кезегі Тәрбие жұмысының орынбасары Кадралина Г.С., олимпиадаға қатысқан оқушыларды құттықтаса, Мектеп директорының орынбасары Муканова А.Ж. өнерлі ұл – қыздарымызды марапаттады, содан соң, тәрбие жұмысының орынбасары Үтешова А.К. мектебімізді атын спортпен шығарып жүрген спортшыларымызды марапаттап, алдағы уақытта да осындай спортшыларымыздың көбеюін тіледі. Және спортшыларға алдағы уақытта да сәттілік тіледі.

16-желтоқсан ҚР тәуелсіздігі күні. Бұл күн бізге онай келген жоқ. Бабаларымыздың арманы, аналардың тілегі болған бақыт тәуелсіздік алақаншымызға қонды. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттердің қатарына қостық. 27 жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

8

Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралардың жоспарына сәйкес мектебімізде «Ұлы дала елі- Тәуелсіздік жемісі» атты мерекелік шара өтті. Шара мемлекеттік гимн айтумен басталып, содан соң мектеп директоры Журтқанов Б.М. құттықтау сөзі берілді. Оқушылар мен ата – аналар, мектеп мұғалімдерін Тәуелсіздіктің 27 жыл толуымен құттықтады. Содан соң, мерекелік ән – шашу өткізілді. Оқушылар әсем әнмен тербетіп, тәтті күйге бөлеп, мың бұралған бишілеріміз де өз өнерлерін көрсетті.

ҚР тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында мектеп кітапханасында география пәні мұғалімдері Айдарова Т.Ж., Байманов А. және кітапханашы Бисенбаева Г.Д. дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстеле Хромтау аудандық мұражай директоры Аманғалиева Н.Ж., жастар ресурстық орталығының маманы Қожабеков Н.Қ., Хромтау ауданының әкімдігі жанындағы баспасөз хатшысы Халмұратов Ж. қатысты. Дөңгелек үстелде елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жан – жақты талқылады.

Аудандық мұражай директоры Аманғалиева Н.Ж. оқушылар мен мұғалімдерге өзінің мұражайдан алдып келген тарихи мұраларын көрсетті. Яғни, көненің көзі болған мұражайдан ескі қазақ жебелерін көрсетіп, және олардың қай жерден табылғаны туралы баяндады. Мектебіміздің кітапханашысы Бисенбаева Г.Д. мақала туралы баяндама оқыды. Баяндамасында ата- бабаларымыздың тегі мен ұлттық сананы дәріптейтін кітаптарды көбірек оқуға кеңес берді.

Жалпы, оқушылармен келген қонақтар мектеп кітапханасында өткен дөңгелек үстелден алған әсерлерімен бөлісті.

Мектебімізде 8-11 кластарға ақуейектер кеші «Вена» балы ұйымдастырылды. Балға ақ көйлек, кара смокинг киген оқушылар қатысты. Салтанатта ата – аналар мен мектеп мұғалімдері де болды. Шараның мақсаты: оқушыларды жоғары ақуейектік мәдениетке тәрбиелеу, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып қайырымдылық жасау арқылы жүректеріне мейірім шуағын ұялату. Балдың шығу салтанаты «Полонеза» ырғағымен басталды. Бағдарлама «Полька» билері мен «Вена» бии вальсімен ұласты.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету мақсатында «Жүректен жүрекке қайырымдылық акциясы өткізілді. Басқаларға жәрдем көрсететін әлеуметтік жобаларға үнемі ат салысып жүрген №4 ХОМ оқушылары үшін Вена балы – қайырымдылық акциясы ғана емес, шығармашылық арқылы жоғарғы қоғамның мәдениетін танытатын, бойларына азаматтық пен қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастыратын ерекше іс – шара болды.

5ә класс ата – аналар комитетінің төрайымының ұйымдастыруымен класындағы аз қамтылған оқушысы Жотанов Фархатқа материалдық көмек көрсетілді. Ол 25 мыңды құрады.

Жалпы республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы аясында мектебімізде «Бәрі адамгершіліктен басталады» атты концерттік іс – шара өткізілді. Іс – шара барысына мектептегі аз қамтылған әлеуметтік қорғалмаған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсетіп, материалдық көмек берген ата - аналар комитетінің төрайымы мектептің атынан алғыс хатпен марапатталды. Мектебіміздің ата- ана қамқорлығынсыз қалған оқушысы Шмально Регинаның «Тұрғын үй жинақ банкі» есепшотына салынған 10000 теңгелік сертификат табысталды. Жалпыреспубликалық «Қамқорлық" қайырымдылық акциясы аясында мектебімізде жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жасалынды.

Мектебімізде 1-4 кластар арасында «Мейірім толы жүрегімі!» атты сурет байқауы және «Жаксылық жаса!» атты концерттік іс – шара өткізілді.

Оқушылардың қысқы каникулдарын ұйымдастыру мақсатында «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымы 3-4 класс арасында «Қыста талай қызық бар» атты қысқы ойындары өткізілді. Оқушылар ойынға шаналарын алып келіп, белсене қызығушылықпен ат салысты.

«Интернеттің пайдасы мен зияны» атты акция ұйымдастырылды. Акцияға арнайы апталық жоспар құрылды. Акция барысында оқушылар «Менің интернетсіз бір күнім» атты эссе жазылды. «Мен офлайн» атты сурет байқауы өткізілді. Сурет байқауына 1-4 класс оқушылары белсене қатысты.

«Салауатты өмір салтын сақтау» мақсатында оқушылар «Менің денсаулығым» атты сурет салды. Оқушылар сурет салу арқылы денсаулықтың қадірін түсінді.

«Қоғамға қызмет ету» жобасы аясында мектебіміздің «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымы көмек беру мақсатында есік алдының қарын газартып келді.

«Ө.Тәжібаева 110 жыл» атты жыр кешін мектеп кітапханашысы Бисембаева Г.Д. ұйымдастырды. Кеште Ө.Тәжібаевтың өлеңдері мен өмірбаяны оқылды. Оған 9 «Ә» класс оқушылары қатысып, ақынның шығармашылығымен сусындалды. Содан соң, «Бар мәселе кітапта» атты креативті ойлау ойынын өткізді. Бұл ойынға бастауыш және орта буын оқушылары қатысты. Оқушылар сұрақ – жауап арқылы жарысты. Бұл ретте 4-класс оқушылары оза шапты.

«1-наурыз алғыс айту күні. Бұл мереке қарсаңында арнайы жоспар құрылды. Жоспарға сай, «Жақсы лебіз жан тебірентер» атты арнайы ашық хат таратылды. Одан соң, «Нам есть за что быть благодарным» оқушылар ата – аналарына қоңырау шалып, өздерінің ата – аналары жақсы көретіндерін айтып, осы өмірде бар екендеріне алғыс білдірді. Мақсаты: Оқушыларды тәрбиелілікке, алғыс айта білуге үйрету, жанындағы жақсы көретін жандарға ренжімеу, керісінше сүйіспеншілікпен алғыс білдіру. «Құшағын ашқан бәріне, туған жер саған мың алғыс!» атты қабырға газеті ұйымдастырылды. 5 «А», 5 «Б», 6 «Б», қалған кластар газет тапсырған жоқ. «Құшағын ашқан бәріне, туған жер саған мың алғыс» атты концерттік іс – шара ұйымдастырылды.

«КазХром» ТҮК» АҚ филиалы Дөң тау — кен комбинаты аудандық Шәмші әндері ән байқауы ұйымдастырды, оған мектебіміздің 106 сынып оқушысы Мұрат Айша, 2«Б» сынып оқушысы Аманбаева Мадина, 8в сынып оқушысы Инталова Айымгуль қатысқандары үшін дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, «Алтын Дария» ән байқауынан 8«В» сынып оқушысы Инталова Айымгуль 2-орынды иеленіп келді. 6 «б» сынып оқушысы Андағұл Ғайша «На балу у золушки» байқауына қатысып, бас жүлдені қанжығасына байлап, «Мисс золушка» атанып келді.

8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай, 1-кластар арасында «Супер мама» сайысы өткізілді. Сайысқа 1«А», 1 «Ә», 1 «Д», 1 «Б» класы қатысты. Мақсаты: Тәрбие барысында ата – ананың ролінің маңызы зор екенін ұғындыру.

Одан соң, 3-4-кластар арасында «Көктем аруы — 2019» сайысы өткізілді. 3 «А», 3 «Ә», 4 «Ә», 4 «Г» кластары қатысты.

8-наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында мектебіміздің оқушылары әйелдер қауымына ашық хат таратып, мерекелік іс – шараға ұласты. Оқушылар көңілді ән, би, және көңілді көріністер қойылды.

22 – наурыз күніне орай мерекелік іс – шаралар ұйымдастырылды.

ДТТЖО:  Утешова А.К.

№4 Хромтау орта мектебінің тәрбие беру жұмысының келелі мәселесі:

Елжандылыққа, адамгершілігі рухани жағынан қалыптасқан, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту;
- моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру;
- жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамыту ;
- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу;
- тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру;
- қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеуге, мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білуге баулу;
- ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру;
- балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге бағыттау;
- экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстануға тәрбиелеу;
- балалардың ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыру.
- құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру;
- мақсатқа қол жеткізуде білім алушылардың төзімділігі және ұжымда жұмыс жасау білігін арттыру.

